

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2020-2021 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет
отырысының ҚАУЛЫЛАРЫ № 3

Түркістан қаласы

16 қазан 2020жыл

Өткізілетін орын: *(Онлайн рәжиміндегі Google Hangouts арқылы өткізілген)*

Өткізілетін уақыты: 2020 жылдың 16 қазаны, сағат 15:00

Кеңес мүшелері – 43

Қатысқандар: 43, келмегендер: 0

Күн тәртібі:

1. Университеттегі білім беру бағдарламалары пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі мониторинг нәтижелерін талдау *(Ақпараттық-ресурстық орталық (кітапхана) басшысы А.А.Абсеметова)*

2. 2020-2021 оқу жылы қыркүйек-қазан аралағында білімгерлердің сабаққа қатысу мониторингінің нәтижесін талдау *(Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы Г.Қ.Жумжаева).*

3. Ахмет Ясауи Университетінің 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының академиялық сала бойынша индикаторларының орындалу мониторинг нәтижелерін талдау *(Дуалды оқыту жүйесін ендіру) (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы – Е.Шахабаев);*

4. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары бойынша бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура ББ дайындық бағыттарының сәйкестігіне мониторинг нәтижелерін талдау *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары – А.Бостанова, Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы – М.Р.Жолшыбекова, Факультет декандары)*

5. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы *(Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы – Е.Шахабаев);*

6. 2020-2021 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау *(Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы – Е.Шахабаев);*

7. Өртүрлі мәселелер:

7.1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының Туркия Республикасының тарапынан орынбасары Булент Шен мырза қызметін ауыстыруына байланысты орнына келген Мурат Келеш мырзаны университеттің Академиялық комитет құрамына енгізу туралы (Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов).

7.2 Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы (*Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Е.Шахабаев*);

7.3 ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2020» конкурсына комиссия құрамын бекіту туралы (Жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Т.Ж.Ниязов).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.1 Ақпараттық-ресурстық орталығының (кітапхана) кітап қорының толықтырылуы және білім беру бағдарламаларының оқулықтарымен қамтылуы бойынша мәліметтер назарға алынсын.

1.2 Білім беру бағдарламаларына жауапты кафедра меңгерушілерімен толық әдебиетпен қамтамасыз етілмеген білім беру бағдарламаларына қажетті оқулықтар сатып алуына тапсырыстар берілсін. Орындалуы 27.11.2020 ж.

1.3 Университет Сенатында, Академиялық комитетінде бекітілген оқулық, оқу құрал, оқу-әдістемелік құрал, монографиялар университеттің кітапхана қорына 1 данадан міндетті түрде өткізілсін.

1.4 Жауапкершілік Факультет декандарына жүктелсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1 2020-2021 оқу жылы қыркүйек-қазан аралағында білімгерлердің сабаққа қатысу нәтижесі назарға алынсын.

2.2 2020-2021 оқу жылында 01.09– 14.10.2020ж. аралығында 100-50 пайыз сабаққа қатыспай жүрген студенттердің қатыспау себептері анықталып, қажетті іс-шара қолданылсын.

2.3 Білімгерлердің сабаққа қатысуы деканат тарапынан қадағалансын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1. Университеттің 2019-2023 ж.ж. Стратегиялық даму жоспары негізінде 2020-2023 ж.ж. арналған факультеттердің және кафедралардың дуальды оқыту жүйесін ендіру бойынша индикаторларының орындау процестері, атап

айтқанда, кәсіпорында (мекемеде) сабақтар өткізу және жаңа мекемелермен дуальды оқыту жүйесін ендіруге келісім шарт жасау еліміздегі эпидемиялық жағдай орнына келген соң іске асырылсын.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1 Университеттің бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламаларының профессор-оқытушылар құрамының біліктіліктері №391 бұйрығының талаптарына сәйкестендірілсін, орындау мерзімі 28.10.2020 ж.

4.2 Жауапкершілік факультет декандарына, жоғары мектеп директорына, кафедра меңгерушілеріне, бағдарлама жетекшілеріне жүктелсін.

4.3 Бақылау, қадағалау шаралары Оқу ісін ұйымдастыру, Білім беру бағдарламалары және әдістемелік, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталықтарына жүктелсін.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелері назарға алынсын, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жалғастырылсын.

5.2. Жауапкершілік Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталыққа жүктелсін.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша 33 білім беру бағдарламаларына соңғы екі жылда білімгерлер қабылданбауына сәйкес ҚР БҒМ Реестрінен шығуға Университет Сенатына ұсыныс берілсін.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші

сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының Туркия Республикасының тарапынан орынбасары Булент Шен мырзаның қызметін ауыстыруына байланысты, орнына университеттің Академиялық комитет мүшелігіне Мурат Келеш мырза қабылдансын.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екінші
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.2. Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін және баспаға ұсынылсын.

Медицина факультеті бойынша:

7.2.1. Пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасынан М.А.Алтынбеков дайындаған. «Эндокринологияның семиотика негіздері» оқу құралы;

Жаратылыстану факультеті бойынша:

7.2.2. Экология және химия кафедрасынан техн.ғ.к. А.Т.Мейірбеков дайындаған «Радиациялық экология» оқу құралы;

Инженерия факультеті бойынша:

7.2.3. Компьютерлік инженерия кафедрасынан авторлар Н.П.Сапарходжаев, Г.Н.Ниязова, Т.А.Турымбетов, С.С.Мауленов дайындаған «JAVA технологиясы» оқу құралы.

Филология факультеті бойынша:

7.2.4. Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының доценті П.М.Адиеваның құрастырған «Фольклорлық проза» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну;

7.2.5. Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының доценті П.М.Адиеваның құрастырған «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну;

7.2.6. Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының доценті П.М.Адиеваның құрастырған «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну;

7.2.7. Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., қауымд. проф. Ж.И.Исаеваның «Тіл білімінің жаңа бағыттары II» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну;

7.2.8. Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., қауымд. проф. Ж.И.Исаева және Г.Шериеваның бірлестігіндегі «Зерттеу қызметін жобалау I» атты оқу құралын бекіту және баспаға ұсыну.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің үшінші
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.3. ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2020» конкурсына қатысатын үміткер оқытушы-профессор құжаттарын ережеге сай (үміткерлерге қойылатын талаптар мен мемлекеттік грантын тағайындау өлшемдері бойынша) университет ішілік комиссия құрамы төмендегіше бекітілсін:

Комиссия төрағасы:

Умбетов Өмірбек Үмбетұлы - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-Президенті

Есимова Шолпан Алтынбековна - Академиялық инновациялық және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент, төраға орынбасары

Комиссия құрамы:

- | | |
|-----------------------------|--|
| Бостанова Ардақ Мұратқызы | – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары |
| Мурат Келеш | – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары |
| Шахабаев Ермахан Шахабаевич | – Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығы басшысы |
| Асанова Мариям Тасболатқызы | – Бас ғалым хатшы |
| Балтабаева Алена Юлдашқызы | – Ғылыми зерттеу жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің басшысы, философия ғылымдарының кандидаты, профессор |
| Сарыбаева ӘлияХожанқызы | – «Физика» кафедрасының аға оқытушысы доценті |
| Исаева Жазира Исақызы | – «Қазақ филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к. |

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы



Ж.И.Исаева

